

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясат

«Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» (Тойота Тсушо Қазақстан Авто) ЖШС /Тойота Орталық Жетісу, Тойота Орталық Атырау, Лексус Алматы/Тойота Орталық Есіл/

Біз, «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» (Тойота Тсушо Қазақстан Авто) ЖШС, Қазақстандағы Toyota және Lexus автомобильдерінің ресми Дилері, қазіргі заман қоғамының өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын автомобиль индустриясында жұмыс атқара отырып, біздің Компанияларымыздың қызметі қоршаған ортаға теріс әсер ете алатынын түсінеміз. Біз қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін берекелі өмір сүрудің негізін құру мақсатында біздің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіміз неғұрлым үйлесімді болуын қадағалаймыз және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі саясатты қабылдаймыз.

- 1).** Бұл Саясат қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттар мен міндеттер қою үшін негізі болып қызмет етеді және барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндетті болып табылады.
- 2).** Компания басшылығы осы Саясаттың орындалуы және қолдау көрсетілуі үшін жауапкершілікті өзіне алады және ол үшін қажетті ресурстарды бөлуге міндеттенеді.
- 3).** Біз өзіміздің іс-қызметімізді
 - ✓ ресурстарды, энергияны және материалдарды ұтымды пайдаланып,
 - ✓ қалдықтарды басқарып,
 - ✓ қоршаған ортаны қорғауға ұмтылып,
 - ✓ біздің іс-қызметіміздің барлық кезеңдерінде тәуекелдердің пайда болуын алдын алып және олардың салдарын азайта отырып, жүзеге асырамыз.

Біз біздің Компанияларымыздың іс-қызметі бүкіл қоршаған ортаның ластануына мүмкіндігінше азырақ ықпал етуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын боламыз.

4). Өз іс-қызметімізде біз барлық заңдар мен қаулыларды сақтауға, өндірістік стандарттарды және қоршаған ортаны қорғауға байланысты кез келген басқа да талаптарды, сондай-ақ тұтынушылардың және біз толығымен келісетін басқа мүдделі тараптардың талаптарын орындауға ниеттіміз.

Біз қоршаған ортаны қорғау саласындағы Toyota стандарттарының талаптарына сәйкес болуға, Toyota Tsusho Corporation экологиялық саясатымен және Toyota жаһандық экологиялық хартиясымен (Toyota Earth Charter) декларацияланатын қағидаттар рухында әрекет етуге міндеттенеміз.

Біз үнемі табиғатты қорғау талаптарын үнемі бақылауға және талдауға және олардың өзгерулеріне дер кезінде әрекет жасауға міндеттенеміз.

5). Біз экологиялық қызметтің нәтижелерін жақсартуға үшін экологиялық менеджмент жүйесін үнемі жетілдіруге міндеттенеміз.

6). Біз Компанияның іс-қызметінің қоршаған ортаға әсерін талдауды үнемі жүзеге асыруға, қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді азайту мақсатында іскерлік шешімдерді қабылдау кезінде осындай талдаудың нәтижелерін ескеруге міндеттенеміз.

7). Ішкі білім беру бағдарламаларының көмегімен біз Компания қызметкерлерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы хабардарлығын қолдаймыз және алдағы уақытта да қолдайтын, экологиялық аспектілердің маңыздылығын түсінудің тиісті деңгейін қамтамасыз ететін, Компания қызметкерлері үшін экологияға және қоршаған ортаны қорғауға арналған тренингтерді өткізетін боламыз.

8). Біз мүдделі тұлғалар үшін Компанияның экологиялық қызмет саласындағы ашықтығын сақтаймыз – Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-қызметі туралы толық және өзекті ақпаратты ұсынуға міндеттенеміз.

9). Біз жеткізушілермен және мердігерлермен өзара қарым-қатынастарда қоршаған орта туралы қамқорлықтың маңыздылығын ескереміз.

“Toyota Tsusho Kazakhstan Auto”
(Тойота Тсушо Қазақстан Авто) ЖШС
Бас Директоры



Рыбаков А.И.

Мамыр 2022